

**"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылдық округінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 26/304 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 5 маусымдағы № 5/66 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылдық округінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 26/304 шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылдық округінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті сәйкесінше 1, 2, 3 - қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2023 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 189 017,2 мың теңге:

салықтық түсімдер - 5 934 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 2 352 мың теңге;

трансферттер түсімі - 180 731,2 мың теңге;

2) шығындар - 190 052,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 1 035,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 1 035,4 мың теңге

:

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 1 035,4 мың теңге.";

келесі мазмұндағы 3-1 -тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Николаевка ауылдық округінің 2023 жылға арналған бюджетінде облыстық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің көлемі көзделсін, оның ішінде:

Николаевка ауылдық округіндегі Николаевка ауылындағы су құбырын ағымдағы жөндеуге.

Облыстық бюджеттен көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылдық округінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы "Есіл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылдық округі әкімінің шешімімен айқындалады.";

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Николаевка ауылдық округінің 2023 жылға арналған бюджетінде аудандық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің көлемі көзделсін:

еңбекақы төлеу қорына;

елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға;

автокөлік құралын сатып алуға;

ағымдағы шығындарға.

Аудандық бюджеттен көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылдық округінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы "Есіл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылдық округі әкімінің шешімімен айқындалады.";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының  
төрағасы*

*Е. Тұтқышев*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы мәслихатының  
2023 жылғы 5 маусымдағы  
№ 5/66 шешіміне  
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы мәслихатының  
2022 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 26/304 шешіміне  
1-қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылдық округінің 2023 жылға арналған бюджеті**

--	--	--	--	--

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	189 017,2
1			Салықтық түсімдер	5 934
	04		Меншікке салынатын салықтар	5 900
		1	Мүлікке салынатын салықтар	820
		3	Жер салығы	380
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 700
	05		Ішкі салықтар тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге	34
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	34
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	2 352
	03		Жер және материалдық емес активтерді сату	2 352
		1	Жерді сату	2 352
4			Трансферттердің түсімдері	180 731,2
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	180 731,2
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	180 731,2
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			2) Шығындар	190 052,6
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	33 009
			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент	

	124		, ауылдық округ әкімінің аппараты	33 009
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25 180
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 829
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 035,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2 035,1
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 035,1
12			Көлік және коммуникация	155 008,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	155 008,2
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	155 008,2
15			Трансферттер	0,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	0,3
		048	Бюджет қаражатының пайдаланылмайтын қалдықтары	0,3
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0

			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтермен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржылық активтерді сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы ( - 1 035,4 профициті)	
			6) Тапшылық орнын қаржыландыру ( 1 035,4 бюджет профицитін пайдалану)	
7			Қарыздар түсімдері	0
16			Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары	1 035,4
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1 035,4
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 035,4